

Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 429 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Осы Заңмен этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы, этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы субъектілері қызметін мемлекеттік реттеу және жүзеге асыру процестерінде туындайтын қатынастар реттеледі.

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) айналым – экспорт, импорт, сатып алу, сақтау, көтерме саудада және бөлшек саудада өткізу;
- 2) алкоголь өнімі – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес дәрілік зат ретінде тіркелген, құрамында спирті бар медициналық мақсаттағы өнімді қоспағанда, тағамдық шикізаттан және (немесе) құрамында спирті бар тамақ өнімінен алынатын этил спирті пайдаланылып өндірілген, этил спиртінің көлемдік үлесі бір жарым пайыздан асатын тамақ өнімі;
- 3) алкоголь өнімін бөлшек саудада өткізу – алкоголь өнімін кейіннен тұтыну немесе коммерциялық емес пайдалану үшін фискальдық жады бар бақылау-касса машинасымен жарақтандырылған, сауда залымен жабдықталған стационарлық үй-жайларда және мейрамханалар, барлар мен дәмханалар аумақтарында, сондай-ақ жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінде, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемелерінде, жолаушылар пойыздарының вагон-мейрамханаларында жүзеге асырылатын сату;
- 4) алкоголь өнімін көтерме саудада өткізу – алкоголь өнімін лицензияда көрсетілген мекенжай бойынша қойма үй-жайларынан шектеусіз көлемде босату;
- 4-1) дербес сәйкестендіру нөмір-коды – өндірілетін және импортталатын этил спирті мен алкоголь өніміне (сыра мен сыра сусынынан басқа) берілетін сәйкестендіру нөмірі;
- 5) орнын өзгерту – бір мекенжай бойынша орналасқан стационарлық өндірістік және (немесе) қойма үй-жайларының ішінде орналасқан орнын өзгертуді қоспағанда, этил спиртінің және (немесе) алкоголь өнімінің кеңістікте орналасқан орнын өзгерту;
- 6) аралас полимерлік ыдыс – ішкі жағы тамақ сақтайтын полимерлік материалдан әзірленіп, аралас полимерлік материалдардан жасалған тұтыну ыдысы;

7) есепке алатын бақылау аспаптары – электр энергиясының іркіліссіз қоректендіру көздерімен жарактандырылған, уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі саласындағы есепке алатын бақылау аспаптары деректерінің операторы арқылы нақты уақыт режимінде этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілу көлемдері туралы, ондағы этил спиртінің (шараптан, сыра мен сыра сусындарынан басқа) шоғырлануы туралы, этил спиртінің (сыра мен сыра сусындарынан басқа) қалдықтары және есепке алу-бақылау маркаларымен таңбалануға жататын өндірілген алкоголь өнімінің есепке алу-бақылау маркаларын сәйкестендіру туралы деректердің автоматтандырылған берілуін қамтамасыз ететін аспаптар;

7-1) есепке алу-бақылау маркаларын сәйкестендіру аспаптары – уәкілетті органның ақпараттық ресурстарына қол жеткізіле отырып, алкоголь өнімінің есепке алу-бақылау маркаларын сәйкестендіруді айқындайтын және сәйкестендіру деректерін уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне нақты уақыт режимінде беруді жүзеге асыратын, бағдарламалық қамтылымды пайдаланатын аспаптар;

8) есепке алу-бақылау маркасы – алкоголь өнімінің айналымын (экспорттан басқа) есепке алу және оған бақылауды жүзеге асыру мақсатында оны (шарап материалынан, сыра мен сыра сусынынан басқа) сәйкестендіруге арналған ақпаратты қамтитын, белгіленген нысандағы және мазмұндағы қажетті қорғау элементтері бар арнайы біржолғы жапсырма;

9) коньяк спирті – этил спиртінің көлемдік үлесі кемінде 7,5 пайыз болатын асханалық шарап материалын фракциялық айдау арқылы жасалған және сақтаудың барлық кезеңі ішінде емен сүрегімен ұдайы жанасымда болған немесе емен сүрегімен жанасымда болмаған этил спиртінің көлемдік үлесі 55,0 пайыздан 70,0 пайызға дейінгі шарап дистилляты;

10) қаңылтыр ыдыс – ішкі жағы тамақ сақтайтын материалмен қапталған, арнайы қаңылтырдан жасалған тұтыну ыдысы;

11) қойма үй-жайлары – тек қана этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін сақтауға, қабылдауға және босатуға арналған, біліктілік талаптарына сай келетін арнаулы стационарлық үй-жайлар және (немесе) алаңшалар (этил спиртін сақтау үшін);

12) құрамында спирті бар тамақ өнімі – тамақ шикізатынан өндірілген, этил спиртінің көлемдік үлесі бір жарым пайыздан асатын тамақ өнімі;

13) өндіріс паспорты – қолда бар жабдықты пайдалануды, технологиялық процесті сақтауды регламенттейтін, негізгі шикізатты, ингредиенттерді, қосалқы материалдарды жұмсау нормаларын және дайын өнімнің, жанама өнімдердің шығу нормаларын, сондай-ақ өндіріс кезіндегі шығынның нормаларын белгілейтін негізгі құжат;

14) пластикалық сауыт – полиэтилен, полистирол және өзге де полимерлік материал негізіндегі тұтыну ыдысы;

15) сақтау – этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін одан әрі көтерме саудада немесе бөлшек саудада өткізу мақсатында орналастыру (қоймада жинау);

16) сәйкестендіру – өндірісі мен айналымы, пайдаланылуы саласында ерекшелік қасиеттері мен белгілері бойынша ұқсас өнімдер арасынан белгілі бір өнімді бұлжытпай тануды, оның толық сәйкестігін анықтауды қамтамасыз ететін рәсім;

17) стационарлық үй-жайлар – сумен жабдықталумен, энергиямен жабдықталумен және кәрізбен қамтамасыз етілген, іргетасы бар және олардың тіреуіш конструкциясына нұқсан келтірмей орнын өзгерту мүмкін емес іргелі ғимараттар, құрылыстар немесе олардың бөлігі. Осы Заңда стационарлық үй-жайларға жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелері, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемелері, жолаушылар пойыздарының вагон-мейрамханалары теңестіріледі;

18) сусыз спирт – құрамында суы жоқ, есептеулерде қолданылатын, шартты ұғым ретінде пайдаланылатын жүз пайыздық спирт немесе абсолютті алкоголь;

18-1) сыраны құю – сыраны тасымалдауды және сақтауды көздемейтін, оны бөлшек саудада өткізу тәсілі;

19) таңбалау – тұтынушыға ақпарат жеткізетін және этикеткалардағы, контрэтикеткалардағы, кольереткалардағы және қаптамалардағы мәтін, шартты белгі және суреттер;

20) тұтыну ыдысы – тұтынушыға алкоголь өнімімен бірге келіп түсетін, көліктік ыдыс функциясын атқармайтын және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган пайдалануға рұқсат берген материалдардан жасалған ыдыс;

21) фирмалық мамандандырылған дүкен – сауда залымен жабдықталған, фискальдық жадылы бақылау-кассалық машинамен жарақтандырылған және өзі өндірген алкоголь өнімін бөлшек саудада өткізуге арналған стационарлық үй-жай;

22) ілеспе жүкқұжат – этил спиртінің және (немесе) алкоголь өнімінің қозғалысын бақылауға арналған құжат;

23) этил спирті – спирт ашымықтарын тазартып айыру немесе дәннен, картоптан, қант қызылшасынан, қант шикізаты сірнесінен және құрамында қанты және крахмалы бар басқа да тағамдық өсімдік шикізатынан өндірілетін этил спирті шикізатын тазартып айыру жолымен, шарап материалынан тікелей немесе екі мәрте айдау арқылы айыру жолымен және тамақтық емес шикізаттан өзге де жолмен алынатын өнім.

24) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі саласындағы есепке алатын бақылау аспаптарының деректері – этил спирті мен алкоголь өнімінің өндіріс көлемі, ондағы этил спиртінің (шараптан, сыра мен сыра сусынынан басқа) шоғырлануы, этил спиртінің (сыра мен сыра сусынынан басқа) қалдықтары және есепке алу-бақылау маркаларын сәйкестендіру туралы деректер;

25) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі саласындағы есепке алатын бақылау аспаптары деректерінің операторы – есепке алатын бақылау аспаптарының деректерін уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелеріне автоматтандырылған онлайн-беруді қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған заңды тұлға;

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.06.2014 № 210-V Заңымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); өзгерістер енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 432-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 15-б. қараңыз); 25.12.2017 № 122-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңдары

Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңдары осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

3-бап. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу

1. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу деп этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы нормативтік құқықтық актілермен белгіленетін бақылау ұғылады.

2. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеудің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін және азаматтардың денсаулығын қорғау;

2) Қазақстан Республикасында өндірілетін және оған әкелінетін этил спирті мен алкоголь өнімінің сапасын арттыру үшін жағдай жасау;

3) аталған өнімдердің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу саласындағы заңдардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеуге мыналар кіреді:

1) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы жөніндегі қызметті лицензиялау;

2) этил спирті мен алкоголь өнімінің импортын реттеу;

3) арақтарға және айрықша арақтарға, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарына ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілеу;

4) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы саласында нормалар мен ережелерді белгілеу;

5) этил спиртін (коньяк спиртін қоспағанда), арақтарды және айрықша арақтарды өндірушілер үшін өндірістік қуатты пайдаланудың ең төменгі пайызын және өндірістің ең аз көлемдерін белгілеу;

6) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы саласында мемлекеттік есепке алу мен есеп беруді жүзеге асыру, олардың өндірілуі мен айналымының өзара байланысты балансын жасау;

7) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуіне және айналымына, сондай-ақ сапасына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру;

8) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын реттеу мәселелеріне қатысты бөлігінде Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету, шет мемлекеттердің этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы мәселелерін реттеуге уәкілетті тиісті органдарымен және өзге де халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру;

9) алып тасталды

4. Алып тасталды - ҚР 18.06.2014 № 210-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

5. Орталық және жергілікті атқарушы органдарға уәкілетті органмен келіспей этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы саласын қозғайтын нормативтік құқықтық және өзге де актілер қабылдауға және (немесе) іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

6. Осы бапта көзделген этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу "Биоотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында регламенттелетін биоэтанол өндірісіне және айналымына қолданылмайды.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.12.11. N 201 (01.01.2007 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.11.15 № 352-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.06.2014 № 210-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 28.10.2019 № 268 -VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

5-1) арақтарға және айрықша арақтарға, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарына ең төмен бөлшек сауда бағаларын белгілейді;

5-2) этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірісі саласындағы есепке алатын бақылау аспаптары деректерінің операторын айқындайды;

6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 3-1-баппен толықтырылды - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 18.06.2014 № 210-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 432-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Ескерту. 4-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын реттеуді мемлекеттің атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) жүзеге асырады.

2. Уәкілетті орган өз құзыреті шегінде және өзіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында:

1) өзге де мемлекеттік органдардың мамандарын, Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің жеке және заңды тұлғаларының арасынан консультанттар мен сарапшыларды тартады;

2) алып тасталды - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) осы Заңның 5-бабына сәйкес алкоголь өнімін белгілі бір түрге жатқызады;

4) шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спиртін және (немесе) алкоголь өнімін өндірудің технологиялық желілерін есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандыру, олардың жұмыс істеу және есепке алынуын жүзеге асыру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

5) этил спиртін және алкоголь өнімін өндірудің паспорты үшін қажетті мәліметтер тізбесін әзірлейді және бекітеді;

6) этил спиртін және алкоголь өнімін өндіру мен олардың айналымы жөніндегі декларацияларды табыс ету тәртібін әзірлейді және бекітеді;

7) этил спиртін сақтау мен өткізу (тиеп-жөнелту, қабылдап алу) қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8) этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу мен пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8-1) арақтарға және айрықша арақтарға, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарына ең төмен бөлшек сауда бағаларын әзірлейді;

8-2) дербес сәйкестендіру нөмір-кодтарын беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді ;

9) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. алып тасталды

4. Уәкілетті органның қызметі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін тиісті ережеге сәйкес реттеледі.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11 N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 № 297-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.06.2014 № 210-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 432-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-бап. Алкоголь өнімінің түрлері

1. Алкоголь өніміне:

1) арақтар және айрықша арақтар;

2) ликер-арақ өнімдері;

3) шарап материалы;

4) шараптар;

5) коньяк;

6) бренди;

7) сыра;

8) сыра сусыны жатады.

2. Арақтар мен айрықша арақтар - арақ-спирт ерітіндісін адсорбентпен арнайы өңдеумен алынған, сосын сүзгіден өткізілген ингредиенттер қосылған немесе олар қосылмаған, күштілігі отыз сегіз - қырық бес процент, елу процент және елу алты процент алкоголь өнімі болып табылады.

3. Ликер-арақ өнімдері - жеміс-жидек және хош иісті өсімдік шикізатын өңдеп, оларға қант шырынын, эфир майларын, шарап материалын, жүзім шараптарын, коньяк, лимон қышқылын және басқа да тағамдық өнімдерді, сондай-ақ спирт пен суды қоса отырып алынған спиртте ұсталған түрлі шырындардың, морстардың, тұнбалар мен хош иісті спирттердің қоспасынан тұратын этил спиртінің көлемдік үлесі бір жарым проценттен басталатын алкоголь өнімі болып табылады.

Күшті ликер-арақ өнімдері - этил спиртінің көлемдік үлесі отыз проценттен басталатын ликер-арақ өнімдері болып табылады.

Күштілігі төмен ликер-арақ өнімдері - этил спиртінің көлемдік үлесі бір жарымнан отыз процентке дейінгі ликер-арақ өнімдері болып табылады.

4. Шарап материалы - этил спиртінің көлемдік үлесі жиырма екі жарым процентпен аспайтын, хош иісті және дәмдік қоспаларды қоспай, тағамдық шикізаттан өндірілген этил спиртін және (немесе) дистилляттарды қоспай немесе қосып, жүзімді, жүзім шырынын не жеміс немесе жидек шырынын спиртпен ашыту нәтижесінде алынған, алкоголь өнімі болып табылады, ол шарап ашыту және ликер-арақ өнімін, төте немесе екі мәрте айдап айыру жолымен алынған этил спиртін өндіру үшін шикізат ретінде пайдаланылады.

5. Шарап материалдарынан өндірілген, этил спиртінің көлемдік үлесі жиырма екі проценттен аспайтын алкоголь өнімі шарап болып табылады.

6 - 12. алып тасталды

13. Коньяк этил спиртінің көлемдік үлесі қырық - қырық бес процент болатын, сәндік және дәмдік ерекшелігі бар, төте немесе екі мәрте айдап айыру жолымен алынған этил спиртінен дайындалған және емен бөшкелерде немесе емен қалақшалары пайдаланыла отырып, эмальданған резервуарларда кемінде үш жыл сақталған алкоголь өнімі болып табылады.

14. Бренди этил спиртінің көлемдік үлесі отыз жеті жарымнан қырық бес процентке дейін болатын, түпкілікті өнімдегі сусыз этил спиртінің көлемінен елу проценттен аспайтын мөлшердегі шарап материалдарынан алынған, емен сүрегін қатыстырып кемінде алты ай сақталған этил спиртін қосып немесе қоспай шарап дистиллятынан дайындалған алкоголь өнімі болып табылады.

15. Сыра қыздырылған ашытқы селін сыра ашытқысымен қосып ашыту жолымен алынатын көміртегінің қос тотығымен байытылған алкоголь өнімі болып табылады.

16. алып тасталды

17. алып тасталды

18. Сыра сусыны сыра шырынын ашыту процесінде пайда болған этил спиртінің көлемдік үлесі 7 пайыздан аспайтын сыра қайнату өнімі болып табылады, ол дәнді дақылдарды, құрамында қант бар өнімдерді, құлмақ және (немесе) құлмақ өнімдерін, жеміс және өзге де өсімдік шикізатын, олардың қайта өңделген өнімдерін, дәмді хош иісті заттар мен хош иістендіргіштерді қоса отырып не қоспай, этил спиртін қоспай,

сырадан (кемінде дайын өнім көлемінің 40 пайызы) және (немесе) сыраның ашытылған сөлінен (кемінде шикізат массасының 40 пайызы) дайындалған сыра шырынынан, судан өндірілген өнім.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы 2004 жылғы 10 наурыздағы № 534, 2006.12.11. № 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. № 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); 18.06.2014 № 210-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 432-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

6-бап. Дәм айыру комиссиясы

Ескерту. 6-бап алып тасталды - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7-бап. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндірудің шарттары

1. Этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруге өндіру лицензиясы және паспорты болған жағдайда жол беріледі.

2. Өндіру паспортын өндірушінің өзі жасайды және бекітеді.

Өндіріс паспортына өзгерістер немесе толықтырулар енгізген кезде өндіруші өндіріс паспортына өзгерістер немесе толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күнге дейін уәкілетті органға жазбаша түрде өндіріс паспортына енгізілген өзгерістер немесе толықтырулар туралы ақпарат береді.

3. алып тасталды

4. Алкоголь өнімін өндіру үшін тек тағамдық шикізаттан өндірілген этил спирті пайдаланылады.

5. Этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін өндірген кезде:

1) шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін технологиялық желілерді есепке алудың бақылау аспаптарымен жарақтандырмай өндіруге;

2) шарап материалы, сондай-ақ өндірістік қуаты жылына төрт жүз мың декалитрден төмен сыра және сыра сусыны өндірісінен басқа, этил спирті және (немесе) алкоголь өнімін ақаулы, сол сияқты есепке алуда нормативтен тыс ауытқулары бар есепке алудың бақылау аспаптарымен өндіруге тыйым салынады.

3) алып тасталды - 18.06.2014 № 210-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Этил спирті мен алкоголь өнімін стационарлық өндірістік үй-жайларда және өндірушіге меншік құқығымен тиесілі және тиісті біліктілік талаптарына сай келетін жабдықтарда өндіруге болады.

7. Екі және одан да көп лицензиатқа этил спирті мен алкоголь өнімін бір құрал-жабдықпен және бір стационарлық үй-жайда өндіруге тыйым салынады.

8. Этил спирті мен алкоголь өнімін:

1) лицензияда көрсетілген мекенжай бойынша және өндіріс паспортында көрсетілген деректерге сәйкес;

2) техникалық регламенттерге және стандарттарға сәйкес өндіруге жол беріледі.

9. Алып тасталды - 18.06.2014 № 210-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Этил спирті (коньяк спиртінен басқа) өндіруге өндіріс паспортында көрсетілген өндірістік қуаттың кемінде жиырма пайызы пайдаланылған кезде жол беріледі.

Лицензия алынған (жаңартылған) күнтізбелік тоқсанды қоспағанда, арақтар мен айрықша арақтарды өндіруге өндіріс паспортында көрсетілген өндірістік қуаттың кемінде қырық пайызы, бірақ күнтізбелік тоқсанда кемінде жиырма бес мың декалитр пайдаланылған кезде жол беріледі.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.03.10 N 534 Заңымен , 2004.12.20. № 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2006.12.11. № 201 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 18.06.2014 № 210-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 30.11.2016 № 26-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.12.2017 № 122-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Алкоголь өнімін таңбалау

1. Өндірілетін (экспортталатыннан басқа) және импортталатын алкоголь өнімін таңбалау мемлекеттік тілде және орыс тілінде өнімнің атауы, дайындаушы-лицензиат және оның тұрған жері туралы ақпаратты, өнімге арналған стандарттың белгісін, ыдыстың сыйымдылығын, этил спиртінің көлемдік үлесінен процент есебімен күштілігін, қанттың мөлшерін, лицензияның нөмірін қамтуға тиіс.

2. Арақтарды және айрықша арақтарды таңбалау оларды әзірлеуде пайдаланылған спирттің сорты туралы мәліметтерді қамтуға тиіс.

3. Шараптарды таңбалау құйылған күнін және оны құюды жүзеге асырған ұйымның атауын қамтуға тиіс.

4. Маркалы шараптарды таңбалау - ұсталу мерзімі туралы, коллекциялық шараптарда - шарап әзірленген жүзімнің жиналған жылы туралы, шампанда құйылған күні туралы ақпараттарды қамтуға тиіс.

5. Алкоголь өнімінің барлық түрлерін таңбалау "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес жүргізілуге тиіс.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.12.11. N 201 (2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. Этил спирті мен алкоголь өнімі айналымының және олардың орын өзгертудің шарттары

1. Этил спирті мен алкоголь өнімін:

1) сәйкестік сертификатынсыз (және белгілерінсіз) және (немесе) сәйкестік туралы декларациясыз;

2) техникалық регламенттердің талаптарына сай келмесе өткізуге тыйым салынады.

2. Мыналарға:

1) қаңылтыр ыдыста (сырадан, сыра сусыны мен күштілігі он екі пайыздан төмен әлсіз градусты ликер-арақ өнімдерінен басқа), этикеткасы жоқ шөлмекте және пластикалық сауытта (сыра мен сыра сусынын құюды қоспағанда);

2) аралас полимер ыдыста, оның ішінде полиэтиленмен қапталған картон орамда және картон қорабына салынған, фольгаланған полиэтилен пакетінде;

3) лас, майысқан, сондай-ақ анық сынық белгілері, зақымдалған тығыны бар шөлмекте, сондай-ақ тұтасымен тұнық емес, жат қоспалары, түбінде тұнбасы бар (коллекциялық шараптардан басқа);

4) есепке алу-бақылау маркасымен таңбалануға жататын болса да есепке алу-бақылау маркасынсыз, сондай-ақ белгісіз бір үлгідегі және (немесе) сәйкестендіруге келмейтін маркасы бар алкоголь өнімінің айналымына тыйым салынады.

3. Алкоголь өнімін:

1) тиісті лицензиясы болмаса;

2) денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарының, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық құрылыстардың, автожанармай құю стансаларының, сауда базарларының, мәдени-демалыс ұйымдарының ғимараттарында және аумақтарында;

3) осы Заңның 1-бабының 3) және 4) тармақшаларында белгіленген орындардан тыс жерлерде;

4) лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрған кезеңде;

5) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) белгіленген мерзімдерде және мөлшерлерде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы төленбесе;

б) есепке алу-бақылау маркаларын сәйкестендіру аспаптары болмаса, сақтауға және өткізуге тыйым салынады.

4. Бөлшек саудада:

1) алкоголь өнімін жиырма бір жасқа дейінгі адамдарға;

2) арақтарды және айрықша арақтарды, күштілігі жоғары ликер-арақ бұйымдарын бөлшек сауда бағаларынан төмен бағамен;

3) мейрамханаларда, барларда және дәмханаларда, сондай-ақ жолаушылар тасымалдайтын әуе кемелерінде, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемелерінде,

жолаушылар пойыздарының вагон-мейрамханаларында өткізуді қоспағанда, алкоголь өнімін:

сағат 23-тен келесі күнгі 8-ге дейін;

этил спиртінің отыз пайыздан асатын көлемдік үлесімен сағат 21-ден келесі күнгі 12-ге дейін өткізуге тыйым салынады.

5. Ілеспе жүкқұжаттары жоқ, сондай-ақ этил спиртіне және (немесе) алкоголь өніміне ілеспе жүкқұжаттарды ресімдеу және пайдалану қағидаларын бұза отырып жасалған, этил спирті мен алкоголь өнімінің айналымына және олардың орнын өзгертуге тыйым салынады.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 18.06.2014 № 210-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); өзгерістер енгізілді - ҚР 27.10.2015 № 364-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 432-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 25.12.2017 № 122-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Этил спирті мен алкоголь өнімінің экспорты және импорты

1. Қазақстан Республикасының аумағына этил спиртінің немесе шарап материалының импорты алкоголь өнімін өндіруге лицензия және сыртқы сауда шарты (келісімшарты), оған қосымша және (немесе) толықтыру болған кезде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының аумағына алкоголь өнімінің (шарап материалынан басқа) импорты алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы және сыртқы сауда шарты (келісімшарты), оған қосымша және (немесе) толықтыру болған кезде жүзеге асырылады.

1-1. Алкоголь өнімінің импортына осы Заңның 5-бабының 1-тармағында көрсетілген түрлер және сыртқы экономикалық қызметтің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес олардың атаулары бойынша жол беріледі.

Қазақстан Республикасына әкелінетін этил спирті мен алкоголь өнімінің сапасы техникалық регламенттер мен стандарттарға сәйкес болуға тиіс.

1-2. Қазақстан Республикасының аумағына (аумағынан) этил спирті мен алкоголь өнімінің импорты мен экспортын Қазақстан Республикасының резидент емес заңды тұлғалары ғана жүзеге асыруға құқылы.

2. Этил спиртінің экспортына этил спиртіні өндіруге арналған лицензия болған кезде ғана жол беріледі.

Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін өндіру жөніндегі қызметті немесе

алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияның болуы алкоголь өнімінің экспортына құқық береді.

3. Еркін қоймаларда этил спирті мен шарап материалын өндіруге және өңдеуге, сондай-ақ алкоголь өнімін өндіруге тыйым салынады.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес этил спирті мен алкоголь өнімінің экспорты мен импорты бойынша уақытша тыйым салулар белгілеуі мүмкін.

5. Айналымына осы Заңның 9-бабының 2-тармағында тыйым салынған алкоголь өнімін, сондай-ақ өткізілуіне осы Заңның 9-бабының 1-тармағында тыйым салынған этил спирті мен алкоголь өнімін Қазақстан Республикасына импорттауға тыйым салынады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.03.10 N 534, 2010.06.30 N 297-IV (2010.07.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.06.2014 № 210-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Этил спирті сақтау және өткізу қағидалары

1. Этил спирті уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес:

1) тиісті қызмет түріне лицензиясы болған кезде, сондай-ақ өз қызметін бастағаны туралы хабардар еткен, белгіленген тәртіппен бөлінген квота шегінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды өндіретін ұйымдарға және мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарына;

2) дайындалуына этил спирті пайдаланылатын алкоголь өнімін өндірушілерге;

3) этил спирті зертхана мұқтаждары үшін немесе алкогольсіз өнім өндіру кезінде техникалық мақсаттарда пайдаланатын ұйымдарға өткізуге жол беріледі.

2. Этил спирті өндіруге лицензиясы болған жағдайда ғана өндірушінің қоймалық үй-жайларында этил спирті сақтау және өткізу жүзеге асырылады.

3. Қызметтің тиісті түріне лицензиясы бар дәріханаларда этил спирті өткізуді қоспағанда, этил спирті бөлшек саудада өткізуге жол берілмейді.

4. Этил спирті сақтау уәкілетті орган бекітетін қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 211-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Алкоголь өнімін сақтау және өткізу

1. Өндіруші:

1) алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі;

2) алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар тұлғаларға алкоголь өнімін көтерме саудада өткізуді жүзеге асыруға құқылы.

1-1. Өндіруші алкоголь өнімін бөлшек саудада өткізуді фирмалық мамандандырылған дүкендер арқылы жүзеге асыруға құқылы.

2. Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар адамдар алкоголь өнімін тек қана осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар тұлғаларға өткізуге құқылы.

3. алып тасталды

4. Екі немесе одан да көп лицензиаттың алкоголь өнімдерін бір қойма үй-жайында сақтау және көтерме саудамен өткізу жөніндегі қызметіне тыйым салынады.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР 10.03.2004 N 534, 2006.12.11. N 201 (01.01.2007 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-1-бап. Этил спирті мен алкоголь өнімін тасымалдау шарттары

Этил спирті мен алкоголь өнімін өткізу (босату) және тасымалдау кезінде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ілеспе жүкқұжаттар міндетті түрде ресімделеді.

Ескерту. Заң 12-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.06.30 № 297-IV (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 N 239-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

13-бап. Этил спирті мен алкоголь өнімі өндірілуінің және айналымының көлемін декларациялау

1. Этил спиртіні өндіруді, сақтауды, өткізуді және пайдалануды, алкоголь өнімдерін өндіруді, сақтауды және көтерме саудамен өткізуді жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар уәкілетті органға этил спирті мен алкоголь өнімдерінің өндірілуі мен айналымы декларацияларын тапсыруға міндетті.

2. алып тасталды

Ескерту. 13-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 Заңымен (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

14-бап.

Ескерту. 14-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.06.19. N 264 Заңымен.

15-бап. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы жөніндегі қызметті лицензиялау

1. Қазақстан Республикасының аумағында этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы (экспорттаудан басқа):

1) этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруге уәкілетті орган;

2) алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтауды және көтерме саудада өткізуді қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және көтерме саудада өткізуге, сондай-ақ алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтауды және бөлшек саудада өткізуді қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада өткізуге – облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана бойынша уәкілетті органның аумақтық бөлімшелер беретін лицензиялардың негізінде жүзеге асырылады.

1-1. Алып тасталды - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы саласындағы лицензия, осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, иеліктен шығарылмайтын, лицензиаттың оны басқа жеке және заңды тұлғаларға беруіне болмайтын болып табылады.

Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада өткізуге арналған лицензия иеліктен шығарылатын болып табылады.

3. Лицензия әрбір қызмет объектісіне нақты мекенжайы немесе жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесінің, жолаушылар тасымалдайтын теңіз көлігі кемесінің, жолаушылар пойызы вагон-мейрамханасының тіркеу нөмірі бойынша беріледі.

Лицензия құжаттармен бірге өтініш ұсынылған күннен бастап он бес жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

4. Осы тармақтың екінші бөлігінде белгіленген жағдайларды қоспағанда, этил спиртіні өндіруге лицензиясы болмай этил спиртіні сақтауға және өткізуге тыйым салынады.

Алкоголь өнімін өндіруге лицензия өндірушіге:

алкоголь өнімін өндіруге арналған этил спиртіні лицензияда көрсетілген алкоголь өнімінің өндірісі орналасқан жердегі қойма үй-жайларда сақтауға;

өзі өндірген алкоголь өнімін лицензияда көрсетілген өндіріс орналасқан жерде сақтауға және алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар тұлғаларға көтерме саудада өткізуге құқық береді.

Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі, сондай-ақ алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызмет лицензиялануға жатпайды.

5. алып тасталды

6. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуіне және айналымына байланысты жекелеген қызмет түрлері Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес лицензиялануға жатады.

7. Алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8. Лицензиар біліктілік талаптарына сәйкестігін белгілеу үшін қызмет объектісі орналасқан жер бойынша өзінің аумақтық органдарының қызметкерлерін тартуға құқылы.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.03.10 N 534 , 2006.12.11. N 201 (2007.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2010.06.30 N 297-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2019 № 249-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен

16-бап. Лицензияларды берудің шарттары

1. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензия біліктілік деңгейі қызметтің тиісті түрі үшін қойылатын талаптарға сай келетін субъектіге беріледі.

2. Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы жөніндегі қызметке қойылатын біліктілік талаптарын уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.11.2016 № 26-VI (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

17-бап. Лицензия беруден бас тартуға шағымдану

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР 29.06.2020 № 351-VI Заңымен (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

1. Егер лицензия осы Заңмен белгіленген мерзімде берілмесе немесе арыз берушіге бас тарту негізсіз болып көрінсе, ол осы әрекеттерге бір ай мерзім ішінде сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

2. Сот бас тартудың негізсіздігін не лицензияның белгіленген мерзімде берілмеу фактісін айқындай отырып, лицензиарды лицензия беруге міндеттейтін сот шешімі заңды күшіне енгеннен бастап лицензиар он күн ішінде орындауға тиіс шешім шығарады.

18-бап. <*>

Ескерту. 18-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2007.01.12. N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. Лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе одан айыру

Этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуі және айналымы саласындағы лицензияның қолданысын тоқтата тұру немесе одан айыру Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 19-бап жаңа редакцияда - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20-бап. Лицензиядан айыру

Ескерту. 20-бап алып тасталды - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21-бап. Қазақстан Республикасының этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - 18.06.2014 № 210-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қ а з а қ с т а н
Президенті

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң